

Бимурзаев Е.Т., Оразбекова Д.О.

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университет, Қазақстан

ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТ – БОЛАШАҚ БАҒДАРЫНЫҢ БАСТЫ НЕГІЗІ

Мәдениет - мемлекеттің қалыптасуына, ұлттың ұйысуына, адамның азаматтық қасиеттерінің қалыптасуына өлшеусіз ықпал, шектеусіз қызмет ететіні хақ. Оған адамдар жасайтын, ұрпақтан- ұрпаққа берілетін құндылықтар - құралдар, белгілер, ұйымдар, жалпы іс - әрекеттер, көзқарастар, нанымдардың бәрі де кіреді. Қоғамдағы сенімнің, биліктегі жауапкершіліктің, адамдар арасындағы сыйластықтың, ұлттар арасындағы бітімгерліктің деңгейі мәдениетке, мәдени ықпалдастыққа байланысты.

XXI ғасырда адамзаттың рухани ізденістері, мәдени, тарихи тамырыңды іздеу мәселесі алға шықты. Яғни, елдің әлеуметтік-гуманитарлық саласын жаңғырту - бүгінгі күннің басты мәселесі. Ал мұның кепілі - қазақ ұлтының рухын, ой-санасын тұтастай жаңғырту болып табылады. Өмірлік тәжірибенің үйреткені: өз халқың мен мемлекетіңнің мүддесін өзіңше қорғай біл, қамқорлық жаса; өзіңнің қабілет- қасиетіңді әрекетте көрсет. Бірлікте бас қосқан өз әлемін ашады. Ал, "өзінің тарихын қадірлемейтін, өзінің ұлттық байлығын бағаламайтын халық табысты да бола алмайды" (Н.Назарбаев) [1. 7 б.] Ұлағатты тоқтам көкіректің көлеңкелі астарын басып тастайтындай, соған меңзейді.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев "Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру" атты мақаласында: "Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты - ұлттық кодыңды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай" деген болатын. Ұлттық код дегеніміз - бұл ата-бабадан келе жатқан рухани қазына , тарихи дәстүр, мәдени білім, сана-сезім. Біздің "ата мұра", "мәдени мұра" деп жүргеніміздің нақ өзі. Әдет-ғұрпымыз, салт-санамыз,

тарихымыз, өнеріміз, ауыз әдебиетіміз, жазба әдебиетіміз бәрі қосылып келіп, ұлтымыздың мәдени кодын құрайды. Бұл - батыстың ақпараттық экспансиясына ұшырап отырған мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігі үшін, халықтың өз тілі мен ділінен айрылып қалмауы, дүбәра жұртқа айналмауы үшін аса маңызды кілт. Бұл жөнінде мемлекет басшысы өз мақаласында:

Біздің бүгінгі жастарымыз әдебиетте Ақтамбердіні, Доспамбет, Қазтуғандардың тіл байлығы мен көркемдігін, Абайдың ойшылдығын, Қасым мен Мұқағалидың сыршылдығын, Мұхтар Әуезовтың кеңдігі мен Қадырдың тапқырлығын сіңірмей, жаңа сұңғыла дүние тудыра алмайды. Сондай тума таланттардың бай мұрасы балаларға мультфильмдер түрінде жетіп, халыққа классикалық кино мен драмалық туынды болып оралуы керек. [4, 26.]

Әр саладағы кәсіби маманның міндеті, мақсаты, талаптары дер кезінде дөп ескерілмесе, рет-ретімен жүзеге аспаса, онда патриоттық, ұлттық тәрбиенің қадірі артпайды. Өзіне сенетіндер озық тәжірибені тез игереді, оны өз міндетіне орай оң өзгеріске қолданудан тартынбайды. Ынталылар саяси-мәдени жаңаруға дайын. [2, 26.]

Ұлттық дүниетанымды игеру - алдымен қазақтың өзіне ғана тән мінезді, жүріс-тұрысын, салт-санасын, ұлттық дәстүр мен тәрбие нысандарын игеру, яғни отандық тарих пен халықтың әлеуметтік тәжірибесін жақсы білу, олардың ұстанымдарын ұлағат тұту. Сонда ғана қазақтың қадір-қасиеттері, дүниетанымы оның рухани тұтастығы мен ұлттық болмысының қайнар көзіне айналып, ұрпақ санасын баурай түседі. [3, 96.]

Әрбір халық өзінің дүниетанымы арқылы тарихи даму кезеңі мен ойлау жүйесін зерделейді. Ұлттық дүниетаным сіресіп қатып-семіп қалған жалаң ұғым емес, ол халықтың өмір салтының бағдаршамы, мәдени зердесі. Рухани жаңғыру толыққанды болмыстың, адамгершіліктің көзі, сараланған саналы тәлімнің аясы.

Стратегиялық тұрғыдан сараптасақ, толеранттылық саяси тұрақтылықтан, қоғамдық келісімнен, әлеуметтік түсінушіліктен, елді

басқаратын қатынастан, татулықтан, ұлтаралық келісімнен және саяси этникалық - діни төзімділіктен тұрады. Мәдениеттегі толеранттылық тактикалық амалды әрекеттен- төзімділік, шыдамдылық, сабырлылық, жанашырлық, қолдаушылық, көрегендік, мейірімділік сияқты ұстанымдардан құралады.

Мәдениет өз кезегінде рухани өмірдегі барлық жетістіктердің жиынтығы бола отырып, ұлттық салт - дәстүрмен өзектеседі. Ал салт-дәстүр - халық пен тарих жазған ата заңымыз болғандықтан, ата бабамыздың салт - дәстүрін, өнері мен мәдениетіне ұлт руханияты ретінде қарап, насихаттауға тиіспіз және тәрбие көзіне айналдыру мәселелерін жан - жақты қарау парыз.

Қандай мемлекеттің болса да, келешегі жастарға байланысты. Ұлттық тәлім-тәрбие алмаған жастың ұлттық рухы болмайтыны белгілі. Келешекте жастарды - тілін төрге, рухын өрге оздырған, салтын сақтаған, өнерін дәріптеген ұрпақ ретінде көргіміз келсе, онда оқу-тәрбие жұмыстарында халықтың рухани-мәдени құндылықтарын насихаттауды үрдіске айналдырғанымыз абзал.

Әдебиет:

1. Н.Назарбаев."Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру" атты мақаласы, Егемен Қазақстан, 2017
2. Смайыл А. « Ұлттық мәдениет» Егемен Қазақстан, № 145, 2014.
3. «Ата салтың - халықтық қалпың» (Құрастырғандар А.Зәкірианов, М.Молдабаева) Алматы: Рауан, 1998
4. «Қазақстан жолы – 2050»: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, Егемен Қазақстан, 2014